

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің м.а.
2026 жылғы 3 қыркүйектегі № 103
бұйрығыМинистерство здравоохранения Республики
Казахстан

Интернатура бағдарламаларының медициналық мамандықтарының тізбесін бекіту туралы

«Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы»
Қазақстан Республикасының Кодексі 221-1-бабының 1-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес интернатура бағдарламаларының медициналық мамандықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Ғылым және адами ресурстар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты қабылданған күнінен бастап күнтізбелік бес күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код



ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

**Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы**

**А.
Альназарова**

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
міндетін атқарушы
2026 жылғы 3 қыркүйектегі
№ 103 Бұйрыққа
қосымша

Интернатура бағдарламаларының медициналық мамандықтарының тізбесі

1. Жалпы дәрігерлік практика
2. Терапия
3. Хирургия
4. Акушерия және гинекология
5. Педиатрия
6. Балалар хирургиясы
7. Стоматология
8. Медициналық-профилактикалық іс